

Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының мемлекеттік сырттан қарыз алу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы заемдары бойынша мемлекеттік сыртқы борыштарды басқару саласындағы қызметін үйлестірудің тәртібі туралы ережені, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін берудің тәртібі мен шарттарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар, мемлекеттік сыртқы заемдар мен мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тіркеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 21 қыркүйек N 1366.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.06.14. N 819 қаулысымен. ~P010819

"Сырттан қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 10 сәуірдегі Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының мемлекеттік сырттан қарыз алу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы заемдары бойынша мемлекеттік сыртқы борыштарды басқару саласындағы қызметін үйлестірудің тәртібі туралы ереже;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін берудің

тәртібі мен шарттары;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік сыртқы заемдар мен мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тіркеудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 21 қыркүйектегі
N 1366 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының

мемлекеттік сырттан қарыз алу және Қазақстан
Республикасы Үкіметінің сыртқы заемдары бойынша
мемлекеттік сыртқы борышты басқару саласындағы
қызметін үйлестірудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Сырттан қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

І. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Осы Ереже республиканың орталық атқарушы органдарының мемлекеттік сырттан қарыз алу және Қазақстан Республикасының сыртқы борышы, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш саласындағы қызметін үйлестірудің тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының сыртқы борышын басқару шеңберінде басқару объектілері:

мемлекеттік сыртқы борыш;
мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш;
жалпы сыртқы борыш болып табылады.

3. Мемлекеттік сыртқы борыш Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан сырттан қарыз алуы және алынған сыртқы заемдарды өтеуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қабылдаған басқа да сыртқы борыштық міндеттемелерді мемлекеттік сыртқы борышқа белгіленген тәртіппен жатқызу процесі кезінде қалыптасады.

Сыртқы борышты басқару - уәкілетті мемлекеттік органдардың ұтымды сырттан қарыз алуды қамтамасыз ету және болашақта макроэкономикалық қиындықтарды және мемлекеттің төлем балансы проблемаларын болдырмау мақсатында сыртқы қарыздарға қызмет көрсетудің құнын оңтайландыру жөніндегі қызметі ретінде қаралады.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыштың мониторингін және басқаруын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі іске асырады.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік борышын қалыптастыратын заемдарды тартуды, пайдалануды және өтеуді Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өзі іске асырады.

5. Сыртқы борышты басқару мынадай негізгі кезеңдер мен рәсімдерді

қ а м т и д ы :

қарыз алу қажеттілігін, қарыз алу көздері мен қаржылық құралдарды айқындау, өлшемдер мен шектеулерді белгілеу, дамудың макроэкономикалық үлгілерін құру, қарыз алу бағдарламасын сценарийлік жобалау мен қабылдау;

келіссөздерді, заем шарттары мен олардың экономика, бюджет және мемлекеттің төлем балансы үшін салдарын бағалауды, оларға қол қоюды, бекітуді, тіркеуді қоса алғанда, қарыз алу рәсімдері;

жекелеген заемдардың қызмет көрсету көздері мен ерекшеліктерін есепке ала отырып, негізгі борышты өтеу және заемдарға қызмет көрсету рәсімдері;

қарыз алу шарттарының және олардың өзгеруінің, игерілуі мен өтелуінің және заемдарға қызмет көрсетуінің мониторингі;

несиелік процент ставкаларының, валюта бағамдарының, қаржы рыногы құралдары табыстылығының және қарыз алу мен борышты басқаруға байланысты басқа да капитал рыноктарындағы ақпараттардың мониторингі;

төлем балансының, мемлекеттің төлем қабілетінің есебі, оларды бағалау және т а л д а у ;

республикалық бюджетті, төлем балансын арнаулы қаржылық құралдармен валюта бағамдарының, проценттік ставкалардың қолайсыз өзгеруінен қорғау;

б е р е ш е к т е р д і қ а й т а құ р у ;

халықаралық қаржы ұйымдарымен өзара қарым-қатынас.

Сыртқы борышты тиімді басқару қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға және оның мониторингі мен талдауын компьютерлендіруге негізделеді.

6. Қазақстан Республикасының сырттан қарыз алу және сыртқы борышты басқару рәсімдерін орындау кезінде республиканың орталық атқарушы органдарының қызметін үйлестіру сыртқы заемдарды тарту, пайдалану, өтеу және оларға қызмет көрсету процестерінің барлық кезеңдерінде, сондай-ақ тиісті компьютерлік технологиялар жасау және пайдалану кезінде көзделеді.

II. Мемлекеттік сырттан қарыз алу және борыш

7. Мемлекеттік қарыз алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайын қабылданатын Қарыз алу бағдарламасына сәйкес іске асырылады.

Қарыз алуға қажеттілікті, қарыз алу көздері мен құралдарын айқындау кезінде басқару органдарының қызметін үйлестіруге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Экономика және сауда министрлігімен бірлесе отырып және Ұлттық Банктің келісуімен алдағы 10 жылдық кезеңге арналған қарыз алу бағдарламасының жобасын әзірлеу жолымен қол жеткізіледі.

Қарыз алу бағдарламасының жобасын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі инвестициялық жобаларды республикалық бюджет қаражаты

есебінен қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, сондай-ақ қаржы-валюталық көрсеткіштердің есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған бюджет саясатын есепке ала отырып әзірлейді. Қарыз алу бағдарламасының жобасын әзірлеу кезінде еліміздің төлем балансын қолдау үшін қажет болған кезде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жоспарланған сырттан қарыз алуы есепке алынады.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сол жылға қабылданған Қарыз алу бағдарламасын есепке ала отырып, кезекті жылға арналған бюджеттің жобасын әзірлейді. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын жобаларды іріктеуді және қарауды іске асырады, шетелдік несие берушілермен алдын-ала жүргізілетін келіссөздерге қатысады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өзіне жүктелген Қазақстан Республикасының атынан қарыз алушының міндеттері мен құқықтарына сәйкес келіссөздер жүргізеді, заемға қызмет көрсету үшін агент-банктерді таңдап алады, заемдар тарту бойынша басқа да қажетті іс-әрекеттер жасайды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тиісті несие және өзге де келісімдерді, заемдарды тіркеуді, бюджет арқылы заемдар беруді және қызмет көрсетуді ресімдеу мен іске асыру арқылы түпкілікті қарыз алушылардың заем ресурстарын алуының, пайдалануының, оларға қызмет көрсетуінің және (егер көзделген болса) қайтаруының белгіленген рәсімдерін республиканың орталық атқарушы органдарының орындауын үйлестіреді және бақылайды.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік сырттан қарыз алу процесінің мониторингін, мемлекеттік сыртқы борышқа қызмет көрсетуді, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және екінші деңгейдегі банктердің сыртқы заемдарын меңгеру, өтеу және қызмет көрсету жөніндегі тоқсан сайынғы ақпарат негізінде оған қорытынды баға беруді іске асырады.

Бұл ретте мемлекеттік сыртқы борышты басқару процесінің қатысушылары республиканың орталық атқарушы органдарының өзара қарым-қатынастары ақпараттық өзара іс-әрекеттер жөніндегі екіжақты келісімдермен және тұрақты статистикалық және жедел есептіліктің қолданылып жүрген нысандарымен айналады.

10. Борышты басқарудың құрамдас бөлігі ретіндегі валюталық қатерді және проценттік ставкалар қатерін басқару, сондай-ақ қажет болған жағдайда мемлекеттік сыртқы борышты өзінің ерекшелігіне байланысты қайта құру жөніндегі шараларды жүргізу мәселелерін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банкінің бөлімшелері пысықтайды және олар Қарыз алу бағдарламасын әзірлеу немесе өзгерту шеңберінде ескеріледі.

11. Мемлекеттік сыртқы борышты басқару мәселелері бойынша халықаралық

қаржы ұйымдарымен өзара қарым-қатынасты үйлестіруді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бұл ұйымдарға республикалық басқару органдары ұсынатын орталықсыздандырылған ақпараттар ағынын орталықтандыру және бақылау жолымен, сондай-ақ олармен өткізілетін кездесулерді, келіссөздерді және басқа да шараларды ұйымдастыру немесе оларға міндетті түрде қатысу арқылы іске асырады.

12. Ақпараттық технология және мемлекеттік борышты басқаруды компьютерлендіру саласындағы үйлестіру оларды құру, олардың жұмыс істеуі және дамуы кезеңдерінде жүзеге асырылады және мыналарды көздейді:

а) басқару процесіне қатысушылардың ақпараттық технологиясын жасау іске асырылатын ұйымдастырушылық-өкімдік, әдістемелік, ақпараттық-технологиялық және ведомствоаралық нұсқаулық құжаттарды республиканың орталық атқарушы органдарының және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бірлесіп әзірлеуі, өзара келісуі, қажет болғанда оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуі;

б) мемлекеттік сыртқы борышты басқару процесіне қатысушы ұйымдар үшін компьютерлік технологиялар мен жүйелерді құру. Басқарудың ведомстволық компьютерлік жүйелерін құру және дамыту кезінде үйлестіру бұл жүйелерде басқа ведомстволар мен ұйымдардың ақпараттық сұраныстарын есепке алу жолымен іске асырылады. Бұл саладағы үйлестірудің негізгі тәсілдері министрліктер мен комитеттер арасындағы екіжақты байланыстар, хат алысу, келісімдер болып табылады. Мұндай жүйелерді техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету ерекшеліктерін ескере отырып, республиканың орталық атқарушы органдарының қызметін ұйымдастырушылық және ақпараттық-техникалық деңгейде үйлестіру мамандарының және қамтамасыз етудің осы түрлері бойынша мамандандырылған ұйымдардың жұмысын үйлестірумен толықтырылады;

в) мемлекеттік сыртқы қарызды басқару процесіне қатысушы ұйымдардың компьютерлік технологиясын деректерді өңдеу мен берудің бірыңғай техникалық және бағдарламалық-технологиялық құралдарын енгізу, ведомстволық басқару жүйелерін ақпараттық түйістірудің режимдерін, әдістері мен құралдарын келісу мен құру жолымен өзара байланысты республикалық жүйеге кіріктіру. Бұл ретте үйлестірудің негізгі нысандары жұмыс жетекшілерінің басқаруды компьютерлендіру (жобалардың менеджерлері), бірлескен жұмыстар мен шаралардың бағдарламаларын қалыптастыру, оларды орындау кезіндегі ауытқушылықтарды есепке алу, талдау және реттеу жөніндегі жұмыс бабындағы тұрақты байланыстары болып табылады.

III. Мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш

13. Мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тарту мен пайдалану тиісті жылға арналып қабылданған Қарыз алу бағдарламасына, сондай-ақ Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

14. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берумен байланысты несиелік келісімдер мен басқа да құжаттарды әзірлеуге, сараптауға, тіркеуге және іске асыруға қатысты шараларды өткізуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

15. Мемлекет кепілдік берген сыртқы борышты өтеу мен оған қызмет көрсету кезеңінде кепілдік берушінің (Үкіметтің Қаржы министрлігі арқылы) міндеттемелерін іске асыруға байланысты шараларды үйлестіруді қарыз алушылар үшін төлем жасау, алым, ақпаратты талдау және қажетті құжаттарды, қарыз алушылармен, қызмет көрсетуші банктермен республиканың орталық атқарушы органдарымен жұмыс бабындағы келісім-шарттарды ресімдеу рәсімдерін бюджетті атқару шеңберінде орындау арқылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі іске асырады.

16. Мемлекет кепілдік берген сыртқы борышты басқару процесіндегі республиканың орталық атқарушы органдарының іс-әрекетін үйлестіруге байланысты барлық мәселелер мемлекеттік сыртқы борышты басқару процесімен бірге кешенді түрде шешіледі.

IV. Мемлекет кепілдік бермеген мемлекеттік емес сыртқы борыш

17. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекет кепілдік бермеген мемлекеттік емес қарыз алуды Қазақстан Республикасының резиденттері дербес іске асырады.

18. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттік емес қарыз алу мен борыштың есебін жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы резиденттерінің мемлекеттің кепілдігі жоқ сыртқы заемдарын тіркейді, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірлеген Капиталдың қозғалысына байланысты валюталық операцияларды тіркеу тәртібі туралы ережеге сәйкес бұл қаражаттар қозғалысының және бұл заемдарға қызмет көрсетудің мониторингін жүргізеді.

Шетел несиелерін тартатын және оларға қызмет көрсететін уәкілетті банктер және шетел несиелерін тартатын заемшылар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайын статистикалық есептіліктің белгіленген нысандары бойынша мәліметтер ұсынып отырады.

V. Жалпы сыртқы борыш

19. Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышын бағалауды және оның төлем жасау балансын әзірлеуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі құрастыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік борышы туралы және екінші деңгейдегі банктер мен заемшылар ұсынатын мемлекеттік емес борыштар туралы деректердің негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі іске асырады.

Төлем балансы мен жалпы сыртқы борыштың болжамын айқындау үшін

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне кепілдік берілген заемдардың негізгі сипаттамасын (несие алушы, заемшы, қолданылу мерзімі, несие сомасы және т.б.) көрсете отырып берілген мемлекеттік кепілдіктер туралы ақпаратты тоқсан сайын ұсынады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігінің бұл саладағы қызметін үйлестіру екіжақты келісімдер негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 21 қыркүйектегі
N 1366 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін
берудің тәртібі мен шарттары

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін берудің тәртібі мен шарттары "Сырттан қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 10 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру, тіркеу және есепке алу процесінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының құзыретін және олардың өзара іс-қимылының тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің заемшы өзі қайтаруға тиісті соманы белгіленген

мерзімде төлемеген жағдайдағы берешекті толық немесе ішінара өтеу туралы несие берушінің алдындағы міндеттемесі.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін Қазақстан Республикасының Үкіметі шетелдік несие берушіге белгіленген тәртіппен уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі арқылы береді.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің құрамында бекітілген лимиттің шегінде беріледі.

II. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігінің нысаны

5. Мемлекеттік кепілдік Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік кепілдік беру туралы шетелдік несие берушімен жасасқан шарттың (кепілдік шартының), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жазбаша хабарламасының (кепілдік міндеттемесінің) нысанында болады.

6. Жазбаша хабарлама берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі арнаулы бланкілерде және уағдаласушы тараптар қабылдаған тілдері ресімделеді.

7. Кепілдік шартына, кепілдік міндеттемесіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрі не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

III. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігінің мазмұны

8. Кепілдік міндеттеменің сыртқы парағында құжаттың атауы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы, нөмірі, ресімдеу күні мен бірнеше параққа орналасуы мүмкін кепілдік мәтіні болуға тиіс.

Кепілдік міндеттеменің соңғы парағында мәтіннің тиянақтау бөлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің қолы болуға тиіс.

9. Кепілдік шарт пен кепілдік міндеттемеде мыналар көрсетілуге тиіс: инвестициялық жобаның Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен сыртқы заемдарды тарату есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізілуіне негіз болған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі берілетін жалпы сома;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі берілетін мерзім; заемшының Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар сыртқы

заем жөніндегі негізгі міндеттемесінің мазмұны.

10. Кепілдік шарт пен кепілдік міндеттемеде 9-тармақта көрсетілген жағдайлар болмаған кезде:

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдігінің жалпы сомасы түпкілікті заем алушының сыртқы заем жөніндегі берешегінің жалпы сомасына тең болады;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі борышкердің несиелік келісімінің шарттарына сәйкес сыртқы заем жөніндегі барлық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі сыртқы заем шарты бойынша міндеттемелер орындалғанда аяқталады деп есептеледі.

11. Кепілдік шарт пен кепілдік міндеттемеде инвестициялық жобаның Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен сыртқы заемдар тарту есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаның тізбесіне енгізілуіне негіз болған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сілтеме болмаса, не оларға 7-тармақты бұза отырып уәкілдігі жоқ тұлға қол қойса, мемлекеттік шарттың күші жоқ деп саналады.

IV. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін берудің рәсімдері мен шарттары

12. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілі бір жоба жөніндегі тиісті қаулысының негізінде ғана және уәкілетті банктің міндеттемелерге қызмет көрсету және оларды қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім жасасқаны, оған қарсы кепілдіктерді қоса берген жағдайда жүзеге асырылады.

13. Кепілдік шарт, егер онда өзгеше көзделмесе, оған тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

14. Кепілдік міндеттеме ол берілген күнінен бастап күшіне енеді.

15. Мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін беру үшін түпкілікті заемшыдан мемлекеттік кепілдік сомасының 2%-і мөлшерінде біржолғы төлем алынады.

16. Соңғы заемшыда немесе уәкілетті банкте берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі үшін біржолғы төлемге қаражаты болмаған жағдайда және Қазақстан Республикасы Үкіметінің берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі үшін төлемнің мерзімін ұзарту туралы тиісті шешімі болған кезде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі соңғы заемшымен тиісті келісім жасауға құқылы.

17. Егер Қазақстан Республикасының кепілдіктерінің шарттарында өзгеше көзделмесе, мұндай кепілдік, егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген сыртқы қарызды түпкілікті заемшы төлем жасау күні келгенде толық немесе ішінара өтемесе және несие беруші бұл талапты заемшының қанағаттандыруы үшін ақылға қонымды барлық шараларды қабылдағаннан кейін, шетелдік несие берушінің талап етуі бойынша, төлем күні келгеннен кейін 30 күннен соң орындалуға тиіс.

Түпкілікті заем алушының немесе уәкілеттік банктің республикалық бюджетке мемлекеттің ол үшін кепілдік міндеттемелерін қамтамасыз етуге жұмсаған қаражатты қайтару жөніндегі міндеттемелерді шетелдік несие берушіге мемлекеттік кепілдіктер бойынша төлемдер жасалған күннен бастап күшіне енеді. Қайтару Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттік емес сыртқы заемның қаражатын қайтарған күн белгілеген бағамы бойынша ұлттық валюта - теңге мен жүзеге асырылады.

V. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдігінің күшінде болу мерзімі

18. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігінің күші сыртқы заем шарты бойынша міндеттемелер орындалғанда тоқтатылады.

19. Егер мемлекеттік кепілдік берілгеннен кейінгі алты айдың ішінде несие игерілмесе және сыртқы заем туралы шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетелдік несие берушімен келісе отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына кепілдікті жою туралы мәселені енгізуге құқылы.

20. Мемлекеттік кепілдікті жоққа шығару туралы шешімді

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынысының негізінде және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Мемлекеттік кепілдіктің жойылғаны туралы ақпарат шешім қабылданған күннен бастап он күннің ішінде шетелдік несие берушіге жіберіледі.

Жойылған мемлекеттік кепілдіктердің түпнұсқа даналары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қайтарылуы тиіс.

VI. Бақылау

21. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар сыртқы

заем шарты бойынша алынған қаражаттың пайдаланылуына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бақылау жасайды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 21 қыркүйектегі
N 1366 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі
бар мемлекеттік сыртқы заемдар мен мемлекеттік
емес сыртқы заемдарды тіркеудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже "Сырттан қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 10 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік сыртқы заемдар мен мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар барлық мемлекеттік сыртқы заемдар мен мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тіркеуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде:
шет мемлекеттермен, халықаралық қаржы ұйымдарымен, шетелдік
банктермен және басқа несие берушілермен жасалған үкіметаралық келісімдерге
сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасының
Ұ л т т ы қ Б а н к і н е ;

Қазақстан Республикасының резиденттері - екінші деңгейдегі банктерге және
ұйымдарға берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар
барлық мемлекеттік сыртқы заемдар мен мемлекеттік емес сыртқы заемдар
т і р к е у г е ж а т а д ы .

4. Мемлекеттік сыртқы заемдарды тіркеу заем туралы келісімді Қазақстан
Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін 10 күн мерзімде жүзеге
а с ы р ы л а д ы .

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес
сыртқы заемдарды тіркеу үшін несиелік немесе заемдық келісімге қарыз алушы (
Заемшы) ретіндегі ұйым тараптар келісімге қол қойған күннен бастап 10 күн
мерзім ішінде осы келісімнің түпнұсқасын Қазақстан Республикасының Қаржы

министрлігіне тапсыруға міндетті.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар тіркелетін мемлекеттік сыртқы заемдарда және мемлекеттік емес сыртқы заемдарға қызмет көрсетуге уәкілдік берілген заемшы мен банк заем туралы тіркелген келісімге тараптар қол қойған сәттен бастап 10 күн мерзім ішінде құжаттардың пакетін (өкілді құжаттар, келісім-шарттар, кепілдіктер және қарсы кепілдіктер, өтеу схемалары, төлем кестелері және т.б.) тапсырады.

7. Тіркеу заемшы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне

барлық қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап 15 күн ішінде жүргізіледі.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде несиелік немесе заемдық келісімнің және осы Ереженің 6-тармағына сәйкес қоса берілетін барлық басқа құжаттардың көшірмелері қалады.

9. Заемшыға белгіленген нысандағы тіркеу куәлігі беріледі (қоса беріліп отыр).

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде тіркелген несиелік немесе заемдық келісімге енгізілетін кез келген өзгеріс белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілуі керек.

Қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ТІРКЕУ КУӘЛІГІ N

_____ қаласы 199__ж. " " _____

Осы арқылы мыналар куәландырылады:

а) заемшы _____

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне несие келісім тіркеуге ұсынады

199_жылғы " " _____ N _____ келісім түрі
_____ (БНК, ЖНК)

Несие түрі _____ Несие беруші _____
_____ (несие берушінің атауы, орналасқан жері) _____

Заемшы _____
(заемшының аты, тұрған жері)

Қарыз сомасы _____ валюта атауы _____

Игеру кезеңі: _____

басталу күні - аяқталу күні (қолданылу мерзімі)

Өтеу кезеңі: _____

басталу күні - аяқталу күні

Өтеу көздері:

1. _____
(өтеу көзінің атауы)

2. _____
(өтеу көзінің атауы)

Жолай шығыстардың көздері:

шығыстардың атауы _____ шығыс көзі _____

шығыстардың атауы _____ шығыс көзі _____

б) бұл несие немесе заем келісіміне мынадай құжаттардың көшірмесі
қоса беріледі:

N | Құжат түрі | Құжат нөмірі | Ресімделген күні

| | |

в) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған несие
немесе заем келісімін тіркеді және заемшыға оны іске асыруға
кірісуге рұқсат береді.

Қазақстан Республикасының
Қаржы вице-министрі